

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

РЕНГАЛИН

Саудалық атауы

Ренгалин

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі

Соруға арналған таблеткалар

Құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді заттар: Брадикининге аффинді тазартылған антиденелер – 0,006 г*,
Гистаминге аффинді тазартылған антиденелер – 0,006 г*, Морфинге аффинді
тазартылған антиденелер – 0,006 г*

қосымша заттар: изомальт, микрокристалды целлюлоза, магний стеараты,
сусыз лимон қышқылы, коллоидты кремнийдің қостотығы, натрий
цикламаты, натрий сахарині.

* изомальтка 100¹², 100³⁰, 100⁵⁰ есеге сәйкес сұйылтылған субстанцияның үш белсенді
сулы-спиртті сұйылтулары коспасы түрінде жағылады.

Сипаттамасы

Жалпақ цилиндр пішінді, бүтін жиекті, тегіс бір бетінде ойығы, сызығы бар;
ақтан ақ дерлік түске дейінгі таблеткалар.

Ойығы бар тегіс бетінде MATERIA MEDICA деп жазылған, екінші тегіс
бетінде RENGALIN деген жазуы бар.

Фармакотерапиялық тобы

Жөтел және суық тию симптомдарын жоюға арналған препараттар. Жөтелге
қарсы препараттар. Жөтелге қарсы басқа препараттар

АТХ коды R05DB

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Препарат гомеопатиялық дәрі болып табылады.

Осы заманғы физика-химиялық талдау әдістерінің сезімталдығы (газсұйықтық хроматографиясы, тиімділігі жоғары сұйықтық хроматографиясы, хромато-масс-спектрометрия) Ренгалин препараты белсенді компоненттерінің биологиялық сұйықтықтарда, ағзалар мен тіндердегі мөлшерін бағалауға мүмкіндік бермейді, бұл фармакокинетиканы техникалық зерттеу мүмкіндігін жоққа шығарады.

Фармакодинамикасы

Препарат компоненттері тиісті рецепторлармен эндогенді реттегіштердің лиганд-рецепторлық өзара әрекеттесу белсенділігін модификациялайтыны тәжіибеде көрсетіліп отыр: морфинге антиденелер – апиынды рецепторлармен; гистаминге антиденелер – H_1 гистаминдік рецепторлармен; брадикининге антиденелер – B_1 брадикинин рецепторларымен; бұл ретте компоненттерді бірге қолдану жөтелге қарсы әсерінің күшеюіне әкеледі. Жөтелге қарсы әсерінен басқа кешенді препарат оған кіретін компоненттер есебінен қабынуға қарсы, ісінуге қарсы, аллергияға қарсы, түйілуді басатын (гистаминге антиденелер, брадикининге антиденелер) және ауыруды басатын (морфинге антиденелер) әсер береді.

Ренгалин кешенді препараты H_1 – рецепторлардың гистаминге тәуелді белсенділігінің және B_2 – рецепторлардың брадикининге тәуелді белсенділігінің модификациясы есебінен сопақша мидың жөтел орталығы қозғыштығын іріктеп төмендетеді, жөтел рефлексінің орталық буындарын тежейді. Таламуста ауыру сезімталдығы орталығын бәсеңдетіп, ми қабығына ауыру импульстарының берілуін тежейді. Шеткеріден ауыру импульстері ағымын тіндік және плазмалық альгогендердің босап шығуын азайту салдарынан (гистамин, брадикинин, простогландиндер және т.б.) тежейді. Есірткілік анальгетиктерден айырмашылығы тыныс алудың бәсеңдеуін, дәрілік тәуелділікті туындатпайды, наркогенді және ұйықтататын әсері жоқ. Бронх түйілуін азайта отырып, жедел фарингит және бронхит көріністерін жеңілдетеді. Гистамин мен брадикининнің синтезі және жуан жасушалар босап шығуына әсер ету есебінен аллергиялық реакциялардың жүйелік және жергілікті симптомдарын бәсеңдетеді.

Қолданылуы

Кешенді ем құрамында жөтелмен қатар жүретін жоғары тыныс алу жолдарының жедел респираторлық аурулары кезінде: жедел фарингит, жедел трахеит, жедел бронхит.

Қолдану тәсілі және дозалары

Ішке, бір қабылдауға – 1 таблетка (ауызда толық ерігенше ұстау керек). 1-2 таблеткадан тәулігіне 3 рет тамақтануға байланыссыз қабылдау керек. Жайкүйінің ауырлығына байланысты алғашқы үш күнде қабылдау жиілігін тәулігіне 4-6 ретке дейін арттыруға болады. Емдеу ұзақтығы 3-7 күн, жөтел 7 күннен аса сақталғанда дәрігерге қаралу қажет.

Жағымсыз әсерлері

Препарат компоненттеріне жоғары жекелей сезімталдық реакциялар болуы мүмкін.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттеріне жекелей жоғары сезімталдық;
- 18 жасқа дейін (тиімділігі және қауіпсіздігі жөніндегі деректер жеткіліксіздігімен байланысты);
- жүктілік және лактация кезеңі.

Дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі

Басқа дәрілік заттармен үйлеспеу жағдайлары осы кезге дейін тіркелмеген.

Айрықша нұсқаулар

Ренгалин көлік құралдарын және басқа қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Медициналық қолдануға арналған дәрілік препараттың көлік құралдарын, механизмдерді басқару қабілетіне әсері

Ренгалин көлік құралдарын және басқа қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Артық дозалануы

Кездейсоқ артық дозалану кезінде диспепсиялық құбылыстар болуы мүмкін, ол препараттың құрамына кіретін толықтырғыштарға негізделген.

Шығарылу түрі мен қаптамасы

Соруға арналған таблеткалар. 10 таблеткадан поливинилхлоридті үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамада.

2 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау шарттары

Жарықтан қорғалған жерде, 25⁰С-ден аспайтын температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз

Өндіруші/Қаптаушы

«МАТЕРИА МЕДИКА ХОЛДИНГ» ҒӨФ» ЖШҚ;
Ресей, 127473, Мәскеу қ., 3-й Самотечный қысқа к-сі., 9 үй.
Тел./факс: +7 (495) 684-43-33.

Дәрілік препарат өндірісі орнының мекенжайы

Ресей, 454139, Челябинск қ., Бугурусланская к-сі, 54 үй.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«МАТЕРИА МЕДИКА ХОЛДИНГ» ҒӨФ» ЖШҚ, Ресей.

**ҚР аумағында тіркеуден кейінгі қадағалауға жауапты ұйымның атауы,
мекенжайы және байланыс деректері:**

«МАТЕРИА МЕДИКА ХОЛДИНГ» ҒӨФ» ЖШҚ ҚР өкілдігі

Алматы қ., Сейфуллин к-сі 498, 507 кеңсе.

Тел./факс: 273 47 13

E-mail: kz@dep.materiamedica.ru

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім сапасына
қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы**

«МАТЕРИА МЕДИКА ХОЛДИНГ» ҒӨФ» ЖШҚ ҚР өкілдігі

Алматы қ., Сейфуллин к-сі 498, 507 кеңсе.

Тел./факс: 273 47 13

E-mail: kz@dep.materiamedica.ru